

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОТАНДЫҚ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ
ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОТАНДЫҚ ІРІ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ



Мемлекет басшысы өз сөзінде елімізде қалыптасқан ахуалды талқылап, халық игілігі үшін билік пен бизнестің өзара ықпалдастығына қатысты жолдарды айқындау қажет екенін айтты. Президенттің пайымдауынша, бүгінде біздің алдымызда бүкіл қоғамдық тыныс-тіршілікті түбегейлі трансформациялау міндеті тұр. Мұның стратегиялық мәні бар.

— Қағаз жүзіндегі әлеуметтік-экономикалық мәселе мен оның қазіргі шынайы жағдайының арасындағы алшақтық сын көтермейді. Сондықтан шұғыл түрде экономикалық саясатты қайта қарау жұмысына бірлесу кірісу керек. Таза, ашық және әділ іс-өрекеттердің жаңа тәртібін анықтаған жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, аз ғана элиталық топтар ықпалының артуы және халықтың басым бөлігінің табысының азаюы қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндірді. Бұл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, содан кейін саяси бөлінуіне өкп соқтыруы мүмкін.

— Ұлттық табыстың әділ бөлінуі бойынша теңгерімсіздік пен проблеманың бар екені айдан анық. Халықаралық сарапшылар (KPMG, 2019 жыл) Қазақстан байлығының жартысы 162 адамның ғана қолында екенін растап отыр. Осы ретте халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайды. Бұл — жылына 1300 доллардан сөл ғана асады деген сөз. Мұндай ақшамен өмір сүру мүмкін емес. Бұлай жіктелу мен теңсіздіктің қауіпті екенін айтқан болатынымыз. Жағдайды дереу өзгерту керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес-қауымдастықты осыдан сабақ алып, Жаңа Қазақстанның негізі болуға тиісті жаңа экономикалық саясатты қалыптастыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Президенттің сөйлеген сөзінде мынадай маңызды қағидаттар айтылды:

- әділ бөсекелестік;
- қабылданатын шешімдердің ашықтығы;
- мемлекеттік саясаттың болжамдылығы;
- бизнестің салықтық тазалығы;
- кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі.

Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсетуге, капитал, тәжірибе, басқарушылар тобы мен нарықты дөп пайымдау сияқты ресурстарды экономиканы қайта құруға жұмсауға шақырды.

— Бүгінгі сөз болып отырған реформа «тартип алуды және қайта бөлу» кезеңінің алғашқы қадамдары болуы тиіс. Біздің мақсатымыз — бәсекеге қабілетті, өміршең, әділ, әрі өмірлік қажеттіліктерді қамтамасыз етуге, бәсекеге қабілетті өмірлік ресурстарды араласуынан, жемқорлық пен фаворитизм-

нен қорғауға дайын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Жаңа экономикалық бағытының негізін қалайтын басты қағидаттарға жан-жақты тоқталды.

Оның пікірінше, бірінші — жеке меншікке қол сұқпау. Бұл мәселеде ашық әрі әділ сот келіп болуы тиіс.

— Сот жүйесін жаңғырту — маңызды мәселе. Біз тиісті шараларды, соның ішінде заңнамалық тұрғыдағы шараларды қабылдадық. Соттарға құқықтың өртүрлі салаларынан, оның ішінде корпоративтік сектордан жаңа мамандар тартылуда. Осының негізінде Жоғарғы Соттың өкімшілік істер жөніндегі жаңа сот алқасы құрылды. Сот ісіне мықты корпоративтік заңгерлер мен адвокаттардың тартылуы, әсіресе, өңірлерде инвесторлар мен бизнесмендердің мүдделерін сапалы қорғауын мейлінше қамтамасыз етеді. Жоғарғы Сот кеңесін және Жоғарғы Соттан судьялар корпусын жаңарту жұмысын белсенді жүргізуді сұраймын, — деді Мемлекет басшысы.

Жаңа экономикалық бағыттың екінші бөлігі — инвестициялық климат. Президент мемлекеттің барлық инвестициялық міндеттемелерді мінсіз орындайтынын тағы да мәлімдеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы бизнесмендерді қаржысын өз елімізге салуға шақырды.

— Егер, Сіздер, болашақтарыңызды Қазақстанмен байланыстыратын болсаңыздар, онда қаражаттарыңызды өз елімізге салыңыздар. Бұл — Сіздердің Қазақстан алдындағы әлеуметтік және саяси жауапкершіліктеріңіз. «Мұнда табыс табамыз, ал басқа жерде жұмсаймыз» деген қағидатқа жол берілмейді. Сондықтан жұмыс екі бағытта жүргізіледі: капиталды елге қайтарғаны үшін ынталандыру және қаражаттың офшорларға кетуіне жол бермейтін тосқауылдар қою, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атаған үшінші қағидат — шынайы бөсеке.

— Мұнда, ең алдымен, қолдан жасалған монополияларға талдау жасау қажет. Операторлардың, әсіресе, жеке операторлардың қызметі мүлдем тоқтатылады. Естеріңізге болса, бұрын «өтеп алушы» деген термин болатын. Жеке компаниялар тиісті төлем арқылы мемлекеттің бірқатар экономикалық функцияларын орындауды сатып алатын. Бұл жақсылыққа апармады. Үкіметке мұндай қызметке заңды түрде тыйым салуды тапсырамын. Барлық орындар бөсекеге ашық болуы тиіс. Нарықтарда қолдан жасалған көптеген делдалдық тізбектерді жою қажет. Бұл қордаланып қалған мәселені ешкімнің шешуге құлық жоқ. Экономиканы деолигополизация бойынша қатан саясат қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Одан бөлек ірі кәсіпорындардың салық төлеу және есеп беру мәселелерін ретке келтіру қажеттігі туралы айтылды.

— Ірі компаниялардың салық төлеуі — күрделі мәселе. Қолымызда түрлі себептерді сылтауратып, салықты толық төлеуден жалтарып отырған алпауыттар жөнінде арнаулы органдар ұсынған мәліметтер бар. Премьер-Министрге осы мәселені түбе-

гейлі шешуді және қазынаны тиесілі қаражатпен қамтамасыз етуді тапсырамын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев тиімді салық саясаты туралы айта келіп, 2020 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттің кірісі 34,6 млрд доллар (14,6 трлн теңге) болғанын және бұл ІЖӨ-нің 20 пайызы екенін атап өтті.

— Аса маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу үшін бұл жеткіліксіз. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдерде мемлекеттік бюджеттің кірісі 40-50 пайызға дейін жетеді. Тіпті, біздің жақын көршілеріміздің өзінде бұл көрсеткіш өлдеқайда жоғары. Мәселен, Украинада — 31%, Ресейде — 35,4%, Қырғызстанда — 31%. Соңғы 10 жылда елдің ІЖӨ-дегі салықтың үлесі 9,9 пайыздан, 7,3 пайызға дейін төмендеп кеткен. Міне, сол себепті Ұлттық қордан бөлінетін трансфер де тым көбейіп кеткен. 2019 жылдан 2021 жылға дейін 12 трлн теңге, яғни 30 млрд долларға жуық қаржы жұмсалған, — деді Мемлекет басшысы.

Осы жағдай аса маңызды шешімдер қабылдауды талап етіп отыр.

— Бізге жаңа салық саясаты қажет. Ол астыртын қитұрқы өрекеттерге жол бермейтін, бизнеске де, Үкіметке де ашық, түсінікті саясат болуы керек, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев атаған тағы бір маңызды мәселе — сатып алуларды реформалау.

— Мемлекеттік сатып алулар — өте үлкен экономикалық ресурс. Оны дұрыс пайдалану керек. Бізде бұл үлкен проблема. Сатып алуларды бөсекесіз жолмен алып жүргендердің үлесі өлі де басым. «Самұрық-Қазына» қорының компанияларындағы сатып алуларды ерекше назарға алу керек. Сатып алулар саласындағы сыбайластық, жасырын өткізу және бағаны жоғары қою мәселелерімен шұғыл түрде айналысу керек. Бір ай уақыт беремін. Егер шешімі табылмаса, өте қатаң шаралар қолданылады. Менің «Платон менің досым, бірақ, ақиқат қымбат» деген қағиданы берік ұстанатынымыз көздеріңіз жеткен болар, — деді Президент.

Мемлекет басшысы жүктеген алтыншы міндет — мемлекеттің экономикаға араласуын төмендету.

— Квзимемлекеттік секторды реформалау бойынша түбегейлі шаралар қабылдау керек. Бүгінгі таңда бұл 6,5 мың ұйым деген сөз. Кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің араласуына негіз болатын жағдайларды азайту мәселесін қайта қарау керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «Самұрық-Қазына» қорын реформалаудың перспективасына баса мән берді.

— Қазір Қор — өте үлкен құрылым. Жабықтық, «саяси маңызы бар адамдарды» тағайындау, сатып алулардың тиімсіздігі, еңбек қатынастарындағы дау-дамай, ауқымды жобалардың аяқсыз қалуы және тиімсіздігі, компанияны ұстап тұру шығындары — бұлардың бәрі қоғамның назарына ыларды тудырып отырған мәселелер. Күні бүгінге дейін мұнайхимия саласын қалыптастыра алмадық. Кеңес дәуірінде салынған зауыттарды қайта жөндеумен келеміз. Директорлар

Кеңесі рөлі мен тәуелсіз директорлардың қатысуы көп жағдайда ештеңе шешпейді. Қорды түбегейлі реформалау міндетін жүктеймін. Бұл мәселе бойынша Алмасадам Сәтқалиевпен сөйлестім. Егер ол жүктелген міндетті атқара алмаса, өзі де, Қор да бірге кетеді, — деді Мемлекет басшысы.

Жаңа экономикалық саясаттың жетінші элементі — өкімшілік кедергілерді азайту.

— Былтыр прокуратура органдары кәсіпкерлердің 2,5 мыңнан астам шағымын қарады. Бәрі де қылмыстық қудалау органдарындағы лауазымды тұлғаларының іс-өрекеттерімен және шешімдерімен келіспеу туралы шағымдар. Оның 1 мыңнан астамы қанағаттандырылды. Кәсіпкерлер (негізінен) полиция қызметкерлеріне, Экономикалық тергеу қызметіне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлеріне шағымданған, — деді Мемлекет басшысы.

Бас прокуратураға осындай заң бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, кінәлі адамдардың іс-өрекеттеріне принципті түрде баға беру тапсырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы диалог билік пен бизнес арасындағы консенсусты қамтамасыз етуге тиіс екеніне тоқталды.

— Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрып жатырмыз. Біздің кездесуіміз бизнестің үнін билік естиді, салалық және құрылымдық саясатта барлық конструктивті ұсыныстар ескеріледі дегенді білдіреді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкімет жанынан Отандық кәсіпкерлер кеңесін құруды тапсырды. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық реформалардың ербір бағыты бойынша бизнес өкілдерінің қатысуымен жобалық топтар құру қажеттігін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорын құру туралы бастамасын қолдап, қаржы аударған бизнес өкілдеріне алғыс айтты.

— Мұның бюджет қоры емес, Қазақстан халқының қоры екенін тағы да қайталап айтамын. Сондықтан оның жұмысы ұзақ бюрократиялық рәсімдерсіз атқарылуы тиіс және батыл шешімдер қабылдануы керек. Көмек қажет, шұғыл және атаулы болуға тиіс. Ірі компаниялардың бәрі жыл сайын табыс салығының Үкімет белгілеген бөлігін пайдалы әрі қайырымдылық істермен айналысатын Қорға аударып тұрады. Бизнес-қоғамдастық бұл бастаманы шынайы түрде қолдайды және жобаларды жүзеге асыруда Қорға көмектеседі деп үміттенемін, — деді Президент.

Кездесу барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев, Eurasian Resources Group компаниясы иелерінің бірі Александр Машкевич, «Фридом Финанс» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Тимур Тұрлов, «Алтын Қыран» компаниялар тобының құрылтайшысы Исламбек Салжанов және басқалар сөз сөйледі.

Akorda.kz

АҚТӨБЕ ӨНЕРЛІ
ТҰЛҒАЛАР БҰЛАҒЫ!

БАЛАҒА АЛДЫМЕН БІЛІМ ЕМЕС ТӘРБИЕ БЕРГЕН ДҰРЫС, «ТӘРБИЕСІЗ БЕРІЛГЕН БІЛІМ АДАМ-ЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ» - ДЕП ҰЛЫ ҒҰЛАМА ФИЛОСОФ ӘЛ ФАРАБИ БАБАМ АЙТҚАНДАЙ, ҰСТАЗ АЛДЫМЕН ТӘРБИЕ САЛАСЫНА ҮЛКЕН МӘН БЕРУ БАРЫСЫНДА БІЛІМІН ШЫҢДАЙ ТҮСЕДІ.

Ұрпаққа берген жақсы білім мен тәрбие болашақтың жарқын нұры, әрі сарқылмас бұлақтың бастауы екенін бала тәрбиесінің айналасындағы адамдар жақсы біледі. Ал, өнер мен білімді ұштастырып, тәрбиемен толықтыру екінің бірінің қолынан келмейді! Қоғам нарығына қарамастан өзіндік методикасын дамытып, бойына жинаған қолөнер саласы мен бейнелеу жанрларын ұштастыру барысында көптеген тәжірибе жинақтаумен қатар соңынан ерген өнерлі ізбасарларына білім капиталын аямай үйретіп, болашақта үлкен тұлға болып қалыптасуына барын салған ардақты өке, парасатты ұстаз Ақтөбе қаласының білікті маманы, әрі «Алтын Тұмар» көркем еңбек пендері ұстаздарының таңдаулы туындыларымен өнерлі тұлғалардың ерен еңбектерінің жарық көруіне атсалысып авторлық мәртебеге ие болған Ардақ Күмісқалиев мырзаның еңбектерін ерекше мақтанышпен айтуға болады.

Ардақ мырза «Бабалар аманаты» жобасының республикалық және халықаралық кәсіби суретшілер мен көркем еңбек пені мұғалімдерінің үздік туындылар жинағына өзінің туындыларымен қоса соңынан ерген талантты, әрі дарынды ұлы мен қызының үздік туындыларын кітапқа енгізіп, өкелік жолының бір тармағы, әрі борышын тағы да бір дәлелдеп, өзге өріпестеріне үлгі ретінде үлкен даңғыл жол салып үлгерді. Дархан кен даланың төсінде, ақ шатыр тігіп орныққан хан сарайындай өдемі қала Ақтөбенің құшағында қаншама білікті ұстаздар мен аяулы ару аналарымыздың да «Бабалар аманаты» жобасына еңбектері еніп республикаға танылды. Кешегі тарих бүгінгі болашақ ұрпақтың еңісінде, сондықтан қасиетті өнерімізді дәріптеп, бабаларымыз қастерлеп, аманаттап кеткен киелі дәстүрлі қолөнерімізді дамыту өр ұстаздың жүрегінің түкпірінде көк ту болып желбіреп тұруы керек деп ойлаймын. Білікті ұстаз - ұрпақ болашағы, - деген де осы.



Қанағат ҚАЛИҰЛЫ,
Ақтөбе қаласы.

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТ

Халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың қаупін оның мемлекеттік сектордағы ауқымдарымен толық салыстыруға болады. Квазимемлекеттік секторда мемлекеттік сатып алулардың көлемдерінен жиі асып кететін бюджет кезінде сырт көзге сыбайлас жемқорлықшыл проблемасы соншалықты өткір емес. Алайда қазіргі ахуал бұл сектордағы ашықтықтың жеткіліксіз екендігін айғақтайды. Сондықтан, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына сәйкес осы сектордағы есеп берушілікті, бақылау да болуды және шешімдер қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктер қажет. Квазимемлекеттік секторда парасаттылықты нығайтуға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауға және тәуекелдерді бағалауға ерекше назар аударатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы практикаларының алдын алуға, теріс пайдаланушылықты болдырмауға, мүдделер қақтығысын анықтау мен басқаруға, сондай-ақ қызметкерлерді оқытуға шоғырландырылған, комплаенс-қорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбай-

лас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады. Ауданымыздағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінде де аталған қызмет құрылып, оның функциялары комплаенс-өкілдерлерге жүктелді. Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылатын кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы. Қазақстанның өлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру іскерлік этика мен бизнесті адал жүргізудің қазіргі заманғы қағидаттарын сақтау кезінде ғана мүмкін болады. Квазимемлекеттік және жекеше сектор субъектілерінің азаматтарға қызметтер көрсеткен кезде ашықтықты қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау бойынша шаралар қабылдануда. Бұл, оның ішінде банк салалық электрондық технологияларды пайдалануды кеңейту, табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді айқындау үшін нақты критерийлерді белгілеу, мемлекеттің құрылыс саласы мен экономиканың басқа да салаларында қатысуын қысқарту болып табылады. Сонымен қатар жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністерімен күрес ол инвестициялық ахуалды нашарлатуға және кәсіпкерлер үшін тәуекелдерді көбейтуге өкп соқпайтындай етіп жүргізілуі тиіс.

Ойыл ауданы өкімінін аппараты

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМІ А.КАЗЫБАЕВТЫҢ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ БАРЫСЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау күні мен уақыты	Өткізілетін орны	Байланыс телефондары
1.	08.02.2022 ж. сағ. 11.30	Қаратал ауылы, ауылдық клуб ғимараты	8(71332) 37-5-34
2.	08.02.2022 ж. сағ. 16.30	Кептоғай ауылы, ауылдық клуб ғимараты	8(71332) 74-5-23
3.	09.02.2022 ж. сағ. 11.30	Сарбие ауылы, ауылдық клуб ғимараты	8(71359) 35-2-50
4.	09.02.2022 ж. сағ. 16.30	Қараой ауылы, ауылдық клуб ғимараты	8(71332) 73-6-01
5.	10.02.2022 ж. сағ. 11.30	Кемерауылы, ауылдық клуб ғимараты	8(71332) 74-1-45
6.	10.02.2022 ж. сағ. 16.30	Ақжар ауылы, ауылдық клуб ғимараты	8(71332) 74-8-10
4.	11.02.2022 ж. сағ. 11.30	Ойыл ауылы, аудандық Мәдениет үйі ғимараты	8(71332) 2-10-20

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

2022 жылғы 21 қаңтар

№ 5

Нұр-Сұлтан қаласы

Білім беру ұйымдарында санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды күшейту және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 42, 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 1 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19-коронавирус инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына және 104-бабының 1-тармағына және 7-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мынадай оқу форматын айқындасын:

1) мектепке дейінгі ұйымдарда – («қызыл», «сары», «жасыл» аймақтарда) ата-аналардың өтініштері бойынша штаттық форматта;

2) жалпы білім беру мектептерінде («қызыл» аймақ):

- 1-4 бастауыш сыныптар (халықаралық мектептерде 1-6-сыныптар) – штаттық форматта;

- 600 оқушыға дейінгі қоса алғанда – штаттық форматта;

- 600 оқушыдан жоғары – мектептердің жобалық қуатының 50%-нан аспайтын жүктеменен штаттық форматта;

3) мектептен тыс ұйымдарда («қызыл», «сары», «жасыл» аймақтарда) – штаттық форматта;

4) жоғары оқу орындарында және колледждерде («қызыл» аймақ) аралас форматта – практикалық, зертханалық, семинар сабақтар, өндірістік практика икемді кесте бойынша штаттық режимде, дәріс онлайн.

Білім беру ұйымдарының әкімшісінің қалауы бойынша вакцинацияның толық курсы алған мектеп оқушыларын штаттық форматта оқытуға жол беріледі.

2. Барлық меншік нысанындағы және ведомстволық тиісті білім беру ұйымдарының басшылары «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы № 36 қаулысының және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен

бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарын қатаң сақтауды қамтамасыз етсін.

3. «Қарантіндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 42 қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСД-ның № 42 қаулысы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) ҚР БМСД-ның № 42 қаулысына 4-қосымшада 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ	Сары аймақ	Жасыл аймақ
11.	6000 ш.м.дейінгіні қоса алғанда сауда алаңы бар сауда (азық-түлік) желілері	+	+	+

»;

2) ҚР БМСД-ның № 42 қаулысына 4-қосымшада 12, 13, 15 және 34-жолдар алынып тасталсын.

4. «Ashuq» жобасын енгізу туралы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 1 қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСД-ның № 1 қаулысы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) ҚР БМСД-ның № 1 қаулысының 3-тармағы мынадай редакцияда енгізілсін:

«3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі:

1) объектілерде енгізу кезінде «Ashuq» жобасын техникалық қолдауды;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне және оның аумақтық департаменттеріне «Ashuq» ақпараттық жүйесінен «қызыл/сары» мәртебесі бар келушінің жобаға қатысатын объектіге бару фактісін тіркеу туралы мәліметтерді алу (жүктеп алу) мақсатында «Ashuq» платформасына кіруге қолжетімдігін қамтамасыз етсін.»;

2) ҚР БМСД-ның № 1 қаулысының 3-тармағының 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы қаулының 1-тармағында көзделмеген жаңа қатысушыларды жобаға енгізу құқығынсыз осы қаулыны басшылыққа алуды;

4) БАҚ шешімінің негізінде шектеу шараларын енгізу жағдайларын қоспағанда, «жасыл», «сары» және «қызыл» аймақтардағы жобаға қатысушыларға қатысты карантиндік шараларды қатаңдау туралы шешім қабылдау құқығынсыз осы қаулыны

басшылыққа алуды қамтамасыз етсін.»;

3) ҚР БМСД-ның № 1 қаулысына 2-қосымшада 6-9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі бар базада тіркелген адамдарда, «инфекция жұқтырған»- U07.1 коды мәртебесі бар пациенттерде «қызыл» мәртебе COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі алынған сәттен бастап 10 күн өткенге дейін сақталады. 10 күн өткеннен кейін бұл адамдар осы уақыт кезеңінде COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесін алуына қарамастан, соңғы 3 ай бойы сақталатын «жасыл» мәртебеге ауыс-

тырылады.

COVID-19-ға теріс ПТР-тестілеу нәтижелері бар (COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесін алған сәттен бастап 7 күннен ерте емес өткізілген) инфекция жұқтырған адамдарда «қызыл» мәртебе оң нәтиже алған сәттен бастап 7 күн өткенге дейін сақталады.

7. «Сары» мәртебесі бар адамдар (немесе жакын байланыста болған адамдар) COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң «көкке» ауыстырылады.

8. COVID-19-ға ПТР-тестілеу теріс нәтижелері бар адамдарда (байланыс күнінен бастап 7 күннен ерте емес өткізілген) «сары» мәртебесі COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап 7 күн өткенге дейін сақталады.

9. Байланыста болған адамдарда COVID-19 белгілері болмаған кезде және ревакцинацияны немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алғаны туралы құжаттамалық растау бар болған кезде, сондай-ақ COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарда соңғы 3 ай ішінде «жасыл» мәртебе сақталады.

Алғашқы оң тестілеуді алған сәттен бастап 10 күн өткенге дейін COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесін алған жағдайда, «қызыл» мәртебе COVID-19-ға ПТР-тестілеудің алғашқы оң нәтижесін алған күннен бастап 10 күн ішінде сақталады.

5. Осы қаулының орындауын бақылау өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Е. ҚИЯСОВ

МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

21_января 2022 года__

№ _5_

город Нур-Султан

Об усилении санитарно-противоэпидемических мероприятий в организациях образования и внесении изменений в постановления Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 10 сентября 2021 года №1

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 (далее – COVID-19) среди населения Республики Казахстан, в соответствии с подпунктом 7) пункта 1 статьи 38, пунктом 1 и подпунктом 8) пункта 7 статьи 104 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»**ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Акимам областей, городов Алматы, Нур-Султан, Шымкент, Министерству образования и науки Республики Казахстан определить следующие форматы обучения:

1) в дошкольных организациях – в штатном формате по заявляемым родителями (в «красной», «желтой», «зеленой» зонах);

2) в общеобразовательных школах («красная» зона):

- начальные 1-4 классы (1-6 классы в международных школах) – в штатном формате;

- до 600 учащихся включительно – в штатном формате;

- свыше 600 учащихся – в штатном формате с загруженностью не более 50% от проектной мощности школ;

3) во внешкольных организациях (в «красной», «желтой», «зеленой» зонах) – в штатном формате;

4) в ВУЗах и колледжах («красная» зона) в комбинированном формате-практические, лабораторные, семинарские занятия, производственная практика в штатном режиме по гибкому графику, лекции онлайн.

Допускается обучение в штатном формате школьников, получивших полный курс вакцинации, по усмотрению администрации организации образования.

2. Руководителям организаций образования всех форм собственности и ведомственной принадлежности обеспечить строгое соблюдение требований постановления Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 25 августа 2021 года № 36 «О проведении санитарно-противоэпидемических и санитарно-профилактических мероприятий по предупреждению коронавирусной инфекции в организациях образования в 2021-2022 учебном году» и Санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к объектам образования», утвержденных приказом Министра здравоохранения Республики Казах-

стан от 5 августа 2021 года № ҚР ДСМ-76.

3. Внести в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 10 сентября 2021 года № 42 «Об ограничительных карантинных мерах и поэтапном их смягчении» (далее – ПГГСВ № 42) следующие изменения:

1) в приложении 4 к ПГГСВ № 42 строку 11 изложить в следующей редакции:

№	Объекты/отрасли	Красная зона	Желтая зона	Зеленая зона
11.	Торговые сети (продо-ные) с торговой площадью до 6000 кв.м. включительно	+	+	+

2) в приложении 4 к ПГГСВ № 42 строки 12, 13, 15 и 34 исключить.

4. Внести в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 13 января 2022 года № 1 «О внедрении проекта «Ashuq»» (далее – ПГГСВ № 1) следующие изменения:

1) пункт 3 ПГГСВ № 1 изложить в следующей редакции:

«3. Министерству цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан обеспечить:

1) постоянную техническую поддержку проекта «Ashuq» при внедрении на объектах;

2) доступ Комитету санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан и его территориальных департаментам к платформе «Ashuq» в целях получения сведений (выгрузки) с информационной системы «Ashuq» о факсикации факта посещения объекта, участвующего в проекте, посетителя с «красным/желтым» статусом.»;

2) подпункты 3) и 4) пункта 5 ПГГСВ № 1 изложить в следующей редакции:

«3) руководство настоящей постановлением без права на включение в проект новых участников, не предусмотренных пунктом 1 настоящего постановления;

4) руководство настоящей постановлением без права принятия решения об ужесточении карантинных мер в отношении участников проекта в «зеленой», «желтой» и «красной» зонах, за исключением случаев введения ограничительных мер на основании решения МК.»;

3) в приложении 2 к ПГГСВ № 1 пункты 6 – 9 изложить в следующей редакции:

«6. У лиц, зарегистрированных в базе с положительным результатом ПЦР-тестирования на COVID-19,

пациентов со статусом «инфицирован» - код U07.1, «красный» статус сохраняется до истечения 10 дней с момента получения положительного результата ПЦР-тестирования на COVID-19. По истечении 10 дней данные лица переводятся в «зеленый» статус, который сохраняется в течение последних 3 месяцев независимо от получения положительного результата ПЦР-тестирования на COVID-19 в этот период времени.

У инфицированных лиц, имеющих

результаты отрицательного ПЦР-тестирования на COVID-19 (проведенного не ранее 7 дней с момента получения положительного результата ПЦР-тестирования на COVID-19), «красный» статус сохраняется до истечения 7 дней с момента получения положительного результата.

7. Лица с «желтым» статусом (или близкие контактные) переводятся в «синий» по истечении 10 календарных дней со дня контакта с лицом, имеющим положительный результат на COVID-19.

8. У контактных лиц, имеющих результаты отрицательного ПЦР-тестирования на COVID-19 (проведенного не ранее 7 дней со дня контакта), «желтый» статус сохраняется до истечения 7 дней со дня контакта с лицом, имеющим положительный результат на COVID-19.

9. У контактных лиц при отсутствии признаков COVID-19 при наличии документального подтверждения о получении ревакцинации или полного курса вакцинации против COVID-19, а также переболевших COVID-19 в течение последних 3-х месяцев, «зеленый» статус сохраняется.

В случае, получения положительного результата ПЦР-тестирования на COVID-19 до истечения 10 дней с момента получения первого положительного тестирования, «красный» статус сохраняется в течение 10 дней со дня получения первого положительного результата ПЦР-тестирования на COVID-19.».

5. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.

6. Настоящее постановление вступает в силу со дня подписания.

Главный государственный санитарный врач
Республики Казахстан
Е. ҚИЯСОВ

»; 2) ҚР БМСД-ның № 42 қаулысына 4-қосымшада 12, 13, 15 және 34-жолдар алынып тасталсын.

4.«Ashyq» жобасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 1 қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСД-ның № 1 қаулысы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) ҚР БМСД-ның № 1 қаулысының 3-тармағы мынадай редакцияда енгізілсін:

«3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі:

1) объектілерде енгізу кезінде «Ashyq» жобасын техникалық қолдауды;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне және оның аумақтық департаменттеріне «Ashyq» ақпараттық жүйесінен «қызыл/сары» мәртебесі бар келушінің жобаға қатысатын объектіге бару фактісін тіркеу туралы мәліметтерді алу (жүктеп алу) мақсатында «Ashyq» платформасына кіруге қолжетімділігін қамтамасыз етсін.»;

2) ҚР БМСД-ның № 1 қаулысының 5-тармағының 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы қаулының 1-тармағында көзделмеген жаңа қатысушыларды жобаға енгізу құқығынсыз осы қаулыны басшылыққа алуды;

4) БАҚ шешімінің негізінде шектеу шараларын енгізу жағдайларын қоспағанда, «жасыл», «сары» және «қызыл» аймақтардағы жобаға қатысушыларға қатысты карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдау құқығынсыз осы қаулыны

тырылады.

COVID-19-ға теріс ПТР-тестілеу нәтижелері бар (COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесін алған сәттен бастап 7 күннен ерте емес өткізілген) инфекция жұқтырған адамдарда «қызыл» мәртебе оң нәтиже алған сәттен бастап 7 күн өткенге дейін сақталады.

7. «Сары» мәртебесі бар адамдар (немесе жақын байланыста болған адамдар) COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң «көкке» ауыстырылады.

8. COVID-19-ға ПТР-тестілеу теріс нәтижелері бар адамдарда (байланыс күнінен бастап 7 күннен ерте емес өткізілген) «сары» мәртебесі COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап 7 күн өткенге дейін сақталады.

9. Байланыста болған адамдарда COVID-19 белгілері болмаған кезде және ревакцинацияны немесе COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алғаны туралы құжаттамалық растау бар болған кезде, сондай-ақ COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарда соңғы 3 ай ішінде «жасыл» мәртебе сақталады.

Алғашқы оң тестілеуді алған сәттен бастап 10 күн өткенге дейін COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесін алған жағдайда, «қызыл» мәртебе COVID-19-ға ПТР-тестілеудің алғашқы оң нәтижесін алған күннен бастап 10 күн ішінде сақталады.»

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Е. ҚИЯСОВ

5 СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ

1. Бірнеше жыл бұрын мен зейнет-ақы қорында шот ашқан едім, бірақ жұмысқа шықпадым. Бұдан кейін үш жыл бойы ресми түрде еш жерде жұмыс істемедім, сондықтан да жарна аударылмады. Енді ресми түрде жұмысқа шықтым, бірақ маған «жеке зейнетақы шотыңыз» жоқ деді. Сонда менің шотым қайда кетті, әрі оны қалай қайтадан ашсам болады?

01.03.2021ж.бастап Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылдың 12 ақпаныдағы № 27 қаулысымен бекітілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидалары күшіне енді. Соған сәйкес зейнетақы жинақтары аударылмаған жағдайда 1 (бір) ай өткен соң ЖЗШ жабылады.

Яғни, бұрын ашылған ЖЗШ, оның ішінде адам жұмысқа орналасқан кезде, шот ашуға өтініш беріп немесе зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан, бірақ қандай да бір себептермен аударымдар жасалынбаған жағдайларда, сондай-ақ, зейнетақы жинақтары болған, әрі зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу мен аудару жүзеге асырылған ЖЗШ-да төлем, не аударым жүзеге асырылғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде жарналар түспеген жағдайда, бұл шоттардың барлығы автоматты түрде жабылады.

Одан әрі жұмысқа орналасу кезінде жұмыс берушіден алғашқы жарна түскен кезде ЖЗШ автоматты түрде ашылады. Бұл қажет:

- 2019 жылдың 6 қаңтарынан бастап міндетті зейнетақы жарналарына қатысты;

- 2021 жылдың 1 мамырынан бастап ерікті зейнетақы жарналарына қатысты;

- 2021 жылдың 26 қазанынан бастап міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына (МКЗЖ) қатысты.

Жеке зейнетақы шотына жарналар аударылатын тұлғаның жеке басын куәландыру – МКЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген онан дербес деректері (аты-жөні, ЖСН, туған күні) бойынша жүзеге асырылады, ал барлық қажетті мәліметтерді: тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрғылықты мекенжайы туралы, өзге де мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

2. Биыл тамыз айында мен зей-

нетке шықтым, бірақ зейнетақымыды былтыр зейнетке шыққан жолдасыма қарағанда басқаша есептеп берді. Бұл неге байланысты?

Дұрыс айтасыз, 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемді есептеу әдістемесі өзгерді.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесіне сәйкес, зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы бірінші жылы зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің 6,5% мөлшерлемесіне көбейтілдісі ретінде есептеледі.

Келесі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері өткен жылғы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін жыл сайын зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесін – 5%-ға ұлғайту жолымен қайта есептелетін болады.

Мысалы, сіздің зейнетақы жинақтарыңыздың сомасы 6 000 000 теңгені құрайды.

Бірінші жылдағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы: 6 000 000*6,5%=390 000 теңге;

Бірінші жылдағы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 390 000/12 ай.=32 500 теңге;

Екінші жылға арналған ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 32 500+ 32 500*5%=34 125 теңге.

Бұдан өзге, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесінде белгілі бір санаттағы адамдарға түзету көбейту коэффициенттері көзделген. Атап айтсақ, мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2-топтағы мүгедекті бар зейнеткерлер, сондай-ақ, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен кемінде алынып ай жинақталатын зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген адамдар. Бұл ретте, жоғарыда көрсетілген шарттардың бірнешеуі қамтылған тұлғалар үшін ең үлкен мәні бар түзету коэффициенті қолданылады.

Айта кетерлік жөйт, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың бұл әдістемесі 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін ала бастаған адамдарға зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төмен зейіншақының отыз еселенген мөлшерінен кем болмайды (2021 жылы 30 х 43 272= 1 298 160 теңге). Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін 2018 жылдың 1 қаңтары мен 2021 жылдың 31 наурызы (қоса алғанда) аралығында ала бастаған адамдарға

зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа әдістемесіне сәйкес, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ай сайынғы зейнетақы төлемдері 5% индекстеу мөлшерлемесіне ұлғайтылады. Ол кейін жыл сайын индекстеліп отырады.

Осылайша, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа әдістемесі алушылардың еңбек жағдайлары мен денсаулығының ерекшеліктерін ескереді, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан жыл сайынғы төлемдер мөлшерін ұлғайтуға ықпал ететін болады.

3. Мен 50 жасқа толдым, енді ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдерді ала бастасам деп едім. Мұны қалай жүзеге асырамын?

Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында, әрі алушыларға аяңғайлы болып, уақыт үнемдеу үшін БЖЗҚ 2021 жылдың тамыз айынан бастап БЖЗҚ-да кемінде бес жыл ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы төлемдерін және оларға есептелген инвестициялық табысты Қордың корпоративтік сайтындағы жеке кабинет арқылы тағайындау туралы қашықтан өтініш беру мүмкіндігін жүзеге асырды.

Естеріңізге сала кетейік, **enpf.k** зсайтындағы жеке кабинетте зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру қызметі БЖЗҚ-да келесі санаттағы зейнетақыжинақтары бар алушыларға ұсынылады:

- міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен: мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
- ЕЗЖ есебінен:
- 50 жасқа толған адамдарға;
- мүгедектігі бар адамдарға;
- ЕЗЖ сомасы және оларға есептелгенинвестициялық табыс шегінде зейнетақы жинақтары бар, БЖЗҚ-да кемінде бес жыл болған адамдарға төленеді. Өтініш беру үшін алушылардың электрондық цифрлық қолтаңбасы болуы қажет.

4. Кейбір зейнетақы қызметтерін жеке басқа куәландыратын құжатсыз алуға болатыны рас па?

Ағымдағы жылдың қазан айынан бастап зейнетақы қызметтерін жеке кәуіпкісіз де алуға болады. Ол үшін смартфондағы eGovMobile қосымшасында төлқұжатты цифрлық (электрондық) нұсқасы болуыжөтіп жатыр.

Мұндай мүмкіндік тек Қазақстан Республикасының азаматтарына, әрі салымшы БЖЗҚ кеңсесіне тікелей өзі келгенде ғана беріледі.

Бұл ретте келесі қызметтерді алуға болады:

- * жеке зейнетақы шотынан үзінді



көшірме алу;

- * қосымша деректемелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу;
- * зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау).

Мысалы, қолында жеке куәлігінің тұнұсқасы жоқ салымшы (алушы) БЖЗҚ кеңсесіне келіп, БЖЗҚ өкіліне eGovMobile мобильді қосымшасындағы Жеке кабинетте қалыптастырылған бірегей цифрлық коды хабарлап, БЖЗҚ қызметкеріне осы құжатты электрондық формата қарауға рұқсат бере алады.

Егер тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты жарамсыз немесе мерзімі таусылса, онда eGovMobile мобильдік қосымшасында құжаттың электрондық нұсқасы болмайды.

5. 2022 жылдан бастап зейнетақы жинақтарын алу үшін ең төменгі жеткіліктіліктің жаңа шегі ескерілетінін естітім. Бұл рас болса, нәтижесінде мұндай шешім қабылданды?

ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында «зейнетақы жинақтары ең төменгі жеткіліктілік шегі – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Әдістемеге сәйкес айқындалған, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыстағы ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес, ай сайынғы зейнетақы қамтамасыз ету үшін қажетті міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ең төменгі мөлшері» деп белгіленген.

ТЖШ айқындау Әдістемесі Қазақ-

стан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 2 қазанындағы № 1042 қаулысымен (2021 жылдың 6 қаңтарындағы өзгерістері және толықтыруларымен) бекітілген. Бұл Әдістеме ашық нормативтік құқықтық акт болып табылады және ғаламторда, соның ішінде БЖЗҚ сайтында еркін қолжетімді. ӘдістемедетЖШ есептеу алгоритмі егжей-тегжейлі сипатталған.

Ең алдымен, ТЖШ есептеу кезінде Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес, жыл сайын индекстелетін ЕТЖ, ЕТЗ, ең төменгі мемлекеттік базалық төлем сияқты өлеуметтік көрсеткіштер қолданылады. Сондықтан да, жыл сайын аталған көрсеткіштердің өсуіне байланыстыТЖШ мөлшері де өзгеретіп отырады.

2021 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына қол қойылды, онда 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірқатар өлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ұлғайту көзделген. Ең төменгі жалақы ағымдағы 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін өсті. Сондай-ақ, Әдістеміне есептеу кезінде пайдаланылатын ең төменгі зейнетақы, ең төменгі базалық зейнетақы және басқа да өлеуметтік көрсеткіштер мөлшері ұлғайтылды.

Осы Әдістемеге сәйкес, ербір жас ерекшелігі үшін ТЖШ салымшы зейнетақы жасына жеткендеөң төменгі базалық зейнетақыны (2021 жылы 18 523 теңге, 2022 жылы 19 450 теңге) алып тастағандағы БЖЗҚ-дан ай сайынғы ең төменгі зейнетақы төлемі (2021 жылы 43 272 теңге, 2022 жылы 46 302 теңге) мен ең төменгі жалақы

(2021 жылы 42 500 теңге, 2022 жылы 60 000 теңге) арасындағы ең жоғарғы мөнді құрайтындай етіп, есептеп шығарылады.

2022 жылы ай сайынғы ең төменгі жалақы мөлшері ең төменгі зейнетақы мөлшерінен жоғары. Осыған сәйкес, есептеу кезінде ЕТЖ көрсеткіші пайдаланылды: 60 000 (АТЖ) – 19 450 (ЕТБЗ) = 40 550 теңге. Яғни, 2022 жылы БЖЗҚ-дан ай сайынғы ең төменгі төлем осындай болуы тиіс. Оны 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырайық, ол 24 748 теңгені құрайды (43 272 – 18 524 = 24 748 теңге) (ЕТЗ пайдаланамыз, себебі,ол 2021 жылы ЕТЖ және ең төменгі базалық зейнетақы көрсеткішінен жоғары болған). Көріп отырғанымыздай, ең төменгі төлем мөлшері шамамен 64% - ға көбейеді. Шамамен осы санға (64,0%) зейнет жасына жетіп қалған және зейнет жасындағы (58-62 жас) адамдар үшін жеткіліктілік шегі көтеріледі. Салымшының жасы неғұрлым жас болса, шекті өзгерту пайызы соғұрлым жоғары болады, өйткені, зейнетақы төлемдерін алу мерзімі неғұрлым ұзақ болса, болашақ төлемдер индекстеледі, тиісінше шекті өзгерту неғұрлым жоғары пайызды есептеу формуласына сәйкес жүргізіледі (40 жастағы салымшылар үшін 69,3%-ға дейін, одан әрі 20 жастағы салымшылар үшін барынша 83,6%-ға дейін).

Естеріңізге сала кетейік, Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ҚР Үкіметіне өз жинақтарын пайдалануға үлгермеген азаматтарды қолдау мақсатында зейнетақы жинақтарының төменгі жеткіліктілігін жаңа шегін енгізу мерзімі 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін кейінге қалдырылды.

ОЙЫЛ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Ойыл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ойыл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерінің орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ойыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **А.Қазыбаев**

Ойыл ауданы әкімдігінің
2022 жылғы _____
№ _____ қаулысына қосымша

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМЕС САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ

№	Нақты орналасқан жері	Қызмет саласы	Алып жатқан алаңы, шаршы метр	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Құрманов көшесі №70, ғимаратының сол жағы	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	150,0	3	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда нысандары жоқ
2	Көптоғай ауылдық округі, Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі №23үйдің сол жағы	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	50,0	3	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда нысандары жоқ
3	Саралжын ауылдық округі, Кемер ауылы, Ботағоз-2 көшесі №10А ғимаратының алды	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	50,0	3	жақын арадағы инфрақұрылым –«Ақжол» дүкені
4	Сарбие ауылдық округі,Сарбие ауылы, Айтеке би жөнесі Астана көшелерінің қиылысы	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	50,0	3	жақын арадағы инфрақұрылым –«Әділет» дүкені
5	Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, Қаратал ауылы Ж.Жүсібаев көшесі №20 үйдің оң жағы	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	50,0	3	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда нысандары жоқ
6	Қайыңды ауылдық округі, Ақжар ауылы, Ш.Берсиев көшесі №1үйдің оң жағында	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	150,0	3	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда нысандары жоқ
7	Қараой ауылдық округі, Қараой ауылы, Астанаға - 10 жыл көшесі №30 үйдің сол жағы	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	50,0	3	ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда нысандары жоқ

НОВАЯ МОДЕЛЬ ИНВЕСТИРОВАНИЯ В СФЕРУ ОБРАЗОВАНИЯ: ЭФФЕКТИВНЫЙ ПОДХОД К СТРОИТЕЛЬСТВУ ОБЩЕЖИТИЯ

Высокий прирост рождаемости в 2000-х годах («babyboom 2000-х») существенно повлиял на ежегодный рост количества абитуриентов в вузах и колледжах в последние годы. Данная динамика безусловно сказывается и на социальной инфраструктуре, а именно обеспечение студентов временным жильем в период учебы.

В данной статье мы:

- опишем меры государственной поддержки при строительстве студенческих общежитий;

тельного решения.

Для решения вопроса дефицита мест, в 2018 году государством разработан механизм размещения государственного заказа, который нацелен на стимулирование строительства и реконструкции студенческих общежитий и привлечение частного сектора в сферу образования.

В случае строительства общежития для студентов государство гарантирует возмещение капитальных затрат, создает условия для опти-

ве.

В целом с момента реализации механизма заключено 138 предварительных договоров, в результате исполнения,которых прогнозируется фонд общежитий увеличитсяболее чем на 44,555тыс. койко-мест.

Данный механизм уже показал свою дееспособность и результативность. Так, со второго полугодия 2018 года по сегодняшний день введено в эксплуатацию более 120 общежитий на более чем 30тысяч койко-мест.

При этом говорить о существенном сокращении потребности в общежитиях рано, так как, естественный прирост контингента студентов продолжительное время будет влиять на спрос в общежитиях.

Необходимо отметить, что на постоянной основе принимаются меры по совершенствованию механизма размещения государственного заказа. Так, создан промо сайт studdom.-fincenter.kz для инвесторов, на котором представлена подробная информация об условиях участия в механизме, сформирован банк ПСД, которые включает в себя типовые и частные проекты по строительству общежитий. В настоящее время прорабатываются вопросы по уменьшению срока выплат при строительстве с 8 до 6 лет с увеличением размера государственного заказа на



- расскажем о текущих результатах программы по строительству студенческих общежитий в Казахстане.

Текущий спрос на студенческие общежития очень высок. Согласно данным учебных заведений общий дефицит по стране составляет более 63 тыс. мест. Основная часть потребности аккумулирована в городах Алматы (21 тыс.), Нур-Султан (17 тыс.) и Шымкент (3 тыс.).

На рынке временного жилья для студентов ощущается потребность в сильных игроках, готовых предложить потребителям качественные и доступные услуги. Студенты – неискушённая аудитория, для которой создание базовых условий комфортного проживания (вода, тепло, чистота) в комбинации с безопасностью является главным критерием. На сегодня государство заинтересовано в развитии социальной инфраструктуры, что подтверждается существенными финансовыми вливаниями и реализацией различных отраслевых программ.

Это касается и обеспечение студентов местами в общежитиях. В период с 2010 по 2017 годы в Казахстане было построено всего 8827 мест в студенческих общежитиях. Однозначно можно утверждать, что спрос не успевал покрывать предложение. Данная проблема была глобальной и требовала незамедли-

мизации расходов путем предоставления типовых проектов, земельных участков и др. При этом не существует механизма отбора участников программы, единственное условие



осуществить ввод объекта согласно действующим санитарным и строительным нормам.

После ввода объекта в эксплуатацию государство осуществляет размещение государственного заказа, ежегодный размер которого составляет при строительстве - 122 МРП (для г. Алматы – 144 МРП), при реконструкции – 47 МРП на одного студента. Государственный заказ размещается сроком на 8 лет и выплаты производятся на ежемесячной осно-

25%.

Резюмируя, необходимо отметить, что на сегодня отечественный рынок временного жилья для студентов нуждается в амбициозных и сильных участниках. Со своей стороны государство готово оказать финансовую и организационную поддержку предпринимателям, заинтересованных в строительстве общежитий. Подходы выработаны, механизм запущен и имеется достаточный объем ресурсов.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА УИЛСКОГО РАЙОНА

Об утверждении и определении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Уилского района

В соответствии с подпунктом 4-2) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 50-1 Правил внутренней торговли утвержденных приказом исполняющего обязанностей Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 264, акимат Уилского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Определить и утвердить места размещения нестационарных торговых объектов на территориях Уилского района согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Уилского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района **А.Казыбаев**

Приложение к постановлению
акимата Уилского района
от ____января 2022 года №

МЕСТА РАЗМЕЩЕНИЯ НЕСТАЦИОНАРНЫХ ТОРГОВЫХ ОБЪЕКТОВ В УИЛСКОМ РАЙОНЕ

№	Места размещения нестационарных торговых объектов	Сфера деятельности	Занимаемая площадь, (квадратный метр)	Период осуществления торговой деятельности	Близлежащая инфраструктура (торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, а также объекты общественного питания)
1	Уилский сельский округ, село Уил, слева здания 70 по улице Курманова	Продовольственные, непродовольственные товары	150,0	3	торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, отсутствуют
2	Коптогайский сельский оуруг, село Коптогай, слева от дома №23 по улице Казакстан	Продовольственные, непродовольственные товары	50,0	3	торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, отсутствуют
3	Саралжынский сельский округ, село Кемер, спереди здания №10А по улице Ботағоз-2	Продовольственные, непродовольственные товары	50,0	3	Близлежащая инфраструктура - магазин «Ақжол»
4	Сарбийский сельский округ, село Сарбие, на перекрестке улиц Айтеке би и Астана	Продовольственные, непродовольственные товары	50,0	3	торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, отсутствуют
5	Ш.Берсиевский сельский округ, село Қаратал, справа дома №20 по улице Ж.Жүсібаиева	Продовольственные, непродовольственные товары	50,0	3	торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, отсутствуют
6	Қайиндинский сельский округ, село Ақжар, справа дома №1 по улице Ш.Берсиева	Продовольственные, непродовольственные товары	150,0	3	торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, отсутствуют
7	Караойский сельский округ, село Караой, с лева дома №30 по улице 10 лет Астаны	Продовольственные, непродовольственные товары	50,0	3	торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, отсутствуют

2022 ЖЫЛДЫҢ І-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі	Улыкпанов Кайнар Жолдаскалиұлы, бөлім басшысының міндетін уақытша атқарушы	14,21,28 қаңтар күндері 4,11,18,25 ақпан күндері 4,11,18,24наурыз күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:00-ге дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	2-11-77

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефонының номері 2-11-54.** Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс –пікір салу үшін жөшік орнатылған.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТТЕН САҚТАНАЙЫҚ!



Жылу беру маусымында да өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен өлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, 2022 жылдың басынан ауданымызда тұрғын үйде 1 өрт жағдайы және улы газбен (*угарный газ*) 1 жағдай тіркелді. Өрттің себебі тұрғын үйдегі электр желісінің қысқа тұйықталуынан, ал улану себебі тұрғын үйдегі жылыту пешінің ақаулығынан орын алып отыр. Сондықтан, қазіргі кезден өрт қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруыңызды сұраймыз.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек.

Жылу беру маусымында орындалуы тиіс талаптар:

1. Жылу беру маусымында пештер мен түтіндіктерді күйеден тазарту керек, жылу пештері үш айда бір рет, үздіксіз қозғалыстағы үздіксіз жанғын пештер екі айда бір рет, үздіксіз жағылатын ас үй плиталары мен басқа пештер айына бір рет тазартылуы тиіс;

2. Қатты отынмен жұмыс істейтін пештерінде алдына 0,5 х 0,7 м кем болмайтын өлшемдегі металл табақпен қорғалған болуы тиіс;

3. Жылыту пештері ақаусыз есіктермен және жанғыш конструкциялардан нормаларда белгіленген өртке

қарсы бөлігіштермен (жылжытқыштармен) қамтамасыз етілуі қажет;

4. Пешпен жылытуды пайдалану кезінде:

- от жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды балаларға тапсыруға;
- жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табакша орналастыруға;
- қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;
- пештерді шамадан тыс қыздыруға;
- жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киімді, киімді, ағашты) пештер мен түтіндіктердің бетінен 0,5 м кем қашықтықта көптіруге;
- ысырмаларды (жаппаларды) жобалау нормаларында көзделген ойықтарсыз қолдануға;
- ақаулары, сызаттары мен саңылаулары бар пештерді жағуға жол берілмейді.

Сонымен қатар, автокөліктегі өрт қауіпсіздігіне де тоқталуды жөн көрдік. Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының қысқа тұйықталуынан, ТҚС-да тұрған автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде өрт-техникалық қауіпсіздігін сақтамаудан пайда болады. Сонымен қатар, автокөлік ішінде шылым шегуден де өрт оқиғалары жиі пайда болады. 2021 жылы ауданымызда автокөлік өртенуінің 5 жағдайы

орын алды. Өрттердің себебі автокөліктегі газ құрылғының ақаулығынан –1, электрсымдарының тұйықталуы – 4.

ТЖ саласының мамандары автокөліктегі өрт пайда болған жағдайда не істеу керек екеніне назар аудартып, көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады.

Құрметті автокөлік иелері:

- Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс;
- Үнемі оның дұрыс екенін қадағалаңыз, әсіресе электрсымдарға баса назар аударыңыз;
- Өзіңізбен бірге өрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаңыз;
- Практика көрсеткіші бойынша өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір қышқылды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді.

Біз жоғарыда от жағу маусымы кезеңіндегі және автокөліктегі қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың өрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді.

Есіңізде болсын! Өрт кезінде сапханандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөліміне «101» немесе «112» телефоны бойынша хабарласыңыз!

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыйспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1642 дана. Тапсырыс №87 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҚАҢТАР АУЫП БАРАДЫ... ҚАМЫҢ ҚАЛАЙ, ШАРУА?

«ТУҒАН АЙ – ТУРАЛҒАН ЕТПЕН ТЕҢ», - ДЕГЕНДЕЙ-АҚ ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫНА КӨП УАҚЫТ ҚАЛМАДЫ. АЛДАҒЫ ОН ЕКІ АЙҒА МАҚСАТЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАП, ЖОСПАРЫМЫЗДЫ БЕКІТТІК. ДЕМЕК, БАРЫС ЖЫЛЫНДА АУДАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫН ДАМУЫТДА МЕЖЕЛІ ІСТЕР КҮТІП ТҰР. СИЫР ЖЫЛЫНЫҢ СӨТСІЗДІКТЕРІН СОЛ ЖЫЛДА ҚАЛДЫРЫП, БАРЫС ЖЫЛЫНАН КҮТЕР ҮМІТІМІЗ КӨП.



Қазір өне-міне дегенше, қыстың да қақ ортасына келдік. Ауданымыз үшін ауыл шаруашылығы саласының алар орны ерекше. Ауданның тынысы да, ырысы да осы саламен тығыз байланысты. Сондықтан біз аталған сала мамандарымен арнайы тілдесіп, жан-жақты талдау жасадық.

Барыс жылының қысында мал ұстап отырған тұрғындарды мал азығымен қамтамасыз ету мақсатында 220,7 мың тонна мал азығы дайындалған. Нәтижесінде жоспар толық орындалып, қыстақтарға 115,0 мың тонна, тұрғындарға 105,7 мың тонна тасылып, 2008 аула шөппен толық қамтылды. Ауыл тұрғындарына шөппен қамтамасыз етуге қолдау көрсету мақсатында аудан орталығында шілде айынан бастап 1 қарашаға дейін әр сенбі сайын жәрмеңкелер өткізілді. Қазіргі таңда жасалған жұмыс пен төгілген төр зая кетпеді. Әзірге шөп іздеп жүргендерді көрмедік. Сала башшысының айтуынша, былға яғни қыстан мал басын аман алып шығу үшін мал азығы жеткілікті. Әр ауылдық округтерде шаруа қожалықтарында қосымша сақталған шөп қорлары бар.

Быыл қысқа 42 мың 919 бас ірі қара, 134 мың 281 бас қой, ешкі, 15 мың 983 бас жылқы, 82 бас түіс түсіп отыр. Төрт түлігімізде де өсім байқалады. Осы орайда айта кетсек, өткен жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында Саралжын ауылдық округі «Ербазы» шаруа қожалығы 50

милион теңге инвестиция салып, 70 бас сауын сиырыммен тауарлы сүт фермасын ашты. Ойыл ауылдық округінде «Тұлпар» шаруа қожалығы 18 миллион теңге инвестициямен 17 бас аналық жылқымен қымыз өндірді. Өткен жылғы ауа райының қолайсыз болуына байланысты дөңді дақылдар өнімі өте төмен болды. Жиналған дөңнің сапасы төмен болғандықтан тұқым құю мүмкін болмады, сол себепті шаруашылықтар биылғы қажетті тұқымды тұқым шаруашылықтарынан сатып алады. Сол себепті де салада суармалы егіс көлемін арттыруға басым бағыт берілуде.

Қолданыстағы суармалы жер алқабын одан өрі ұлғайту мақсатында өткен жылы 3 шаруа қожалығы «Спарта», «Көбек», «Жұмырбай» жерлерінде 540 га суармалы алқапты инфрақұрылым жасақтау жұмыстары аяқталды, ағымдағы жылға шаруа қожалықтары қажетті техникаларын алып, алқапты игеруге дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Сондай-ақ, «Бизнес жол картасы-2025» бағдарламасы аясында «Төжібай-Агро» ЖШС жоба құны 150 млн. теңгеге 150 га жер учаскесін суландыруға инфрақұрылым жүргізу жобасы мемлекеттік грантқа ұсынылып, оның ішінде 50,0 млн. теңге республикалық бюджеттен қаржыландыруға қолдау көрсетілді. Бүгінгі күнге жоба бойынша 3,2 км электр желісі

тартылып, КТП қойылды, КТП-дан насос тұратын жерге дейін 0,4 мм 1100 метрлік кабель жүргізілді, Насос тұратын жерден алқақа дейін диаметрі 250 мм.1083 метр су құбыры тартылған. Шаруашылық 2 бірлік фрегат суару қондырғысына тапсырыс берді. Ағымдағы жылға шаруашылық 75 га алқақа мал азығы дақылы жоңышқа себуді қолға алмақ.

2022 жылға облыс әкімімен бекітілген егіс құрылымы жоспарына сәйкес, аудан бойынша 500 га алқақа дөңді дақыл тары себуде оның ішінде 20 га суармалы, 1800 га мал азығы дақылы оның ішінде 500 га бір жылдық, 1300 га көп жылдық екпе шөптер және суармалы дақылдар картоп 100 га, көкөніс 105 га, бақша 50,0 га барлығы аудан бойынша 2555,0 га алқақа егін егу жоспарланып отыр.

Р.С. Быыл қыс қарасып тұр. Осы аптамен қаңтарды да аяқтаймыз. Қар біздің ұғымымызша ертерек түскенімен бұрқ-сарқ еткен боран болған жоқ. Алып бара жатқан аяз да жоқ. Қыс басталғалы сынап бағанасы -20-дан төмен түскен жоқ. Ақпанның бізге қандай «сый» ұсынатыны беймәлім. Наурыздың да біздің өлке үшін кей жылдары нағыз қысқа төн мінезі болады. Былтырғы ақпанның ортасынан бастап ай жарым бойы дәмелісyz соққан бораннан сабақ алдық па?..
Муса ӘДІПБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ҚАҢТАР КЕШІ

Қар суыртып жел тынбайды	желістен,
Мал байлаулы көрінбейді өрістен.	Түтінменен үй мұржасы будақтап
Аппақ қармен ауыл маңы көріскен.	
Қоюланып қарауытты төңірек,	Нұр сәулеге ынтық болып көк жиек.
Ақ белестен түн пернесін жамылып	Тізбектелді қырат белдер жүк тиеп.
Көлеңкелер қызыл — жасыл	жарысты,
Күн суығы байқатпайды алысты.	Ағын суды мұз құрсаумен тоқтатып
Ақ ұлпаға үйретті көп вальсті.	
Жымындасқан жұлдыздар жоқ	төбемнен,
Сиқырлаған қаңтар кешін	көрем мен.
Аяз сүйіп шымшылайды бетімді	Ақын болсаң жырла дейді өлеңмен.
Серікбай МАХАНОВ	

ХАБАРЛАНДЫРУ

11.03.2022 ж.сағат 15:00-де «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ АӨФ Ойыл газ шаруашылығы ғимаратында (Ойыл ауылы, Аль-Фараби көш., 15) «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалы үшін атмосфераға жол берілетін шығарындылардың нормативтері» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Карантин ұзартылған жағдайда бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасындағы бейне-конференц байланыс арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Тыңдауға қатысу үшін конференция идентификаторын теру қажет: 826 6347 8874, кіру коды: 123456. Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша Тапсырыс берушінің телефондарына хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші, деректемелер және байланыс деректері: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ АӨФ, БСН 070241005164, 030020, Ақтөбеқаласы, 312 Атқыштар дивизиясы даңғылы, 22, Т. 8 (702) 945-45-46, 8 (7132) 70-40-83.

Әзірлеуші, деректемелер және байланыс деректері: «АСТІРО» ЖШС, БСН 170740033173, 010000, Нұрсұлтан қ., Қаныш Сәтпаев к-сі, № 17 үй., т.8 (702) 091-08-05.

Жергілікті атқарушы органның атауы: «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу уәкалмасы» ММ, тел.8 (7132) 55-26-28.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: esportal.kz, сондай-ақ сайтта: www.e-prioda.gov.kz « қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қабылданады: «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.8 (7132) 55-26-28. Электрондық мекен-жайы: expert_oos@mail.ru.



Қарай ауылының тұрғыны Тиржанов Атшыбайды 87 жасқа толуымен құттықтаймыз

Зор денсаулық тілейміз,
Құтты болсын қуанышты күніңіз.
Әр кез бізбен шаттық өмір сүріңіз,
87 жасқа бүгін міне, жеттіңіз.
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күлңіз.
Бала - шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман- есен жүріңіз.
Әке, сен асқар тауым еңселімің,
Қадір мен қасиеттің өлшемсің,
Алатаудай басыңызды аласартпай,
Адам болып келеміз біз сіз үшін.
Тарылмасын жан өке, тынысыңыз,
Таси берсін аманды ырысыңыз.
Шөберенің келіні сәлем етіп,
Немененің қолынан су ішіңіз.
Тілек білдірушілер: жолдасыңыз Үзекен, бала келіндеріңіз, қыздарыңыз - күйеу балдарыңыз, немерелеріңіз, жиендеріңіз, шөберелеріңіз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

11.03.2022 г. в 15:00в здании Уилского газового хозяйства АПФ АО «КазТрансГаз Аймақ»(с.Уил, ул. Аль-Фараби, 15) проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту: «Нормативы допустимых выбросов в атмосферу для актюбинского производс-твенного филиала АО «КазТранс-ГазАймақ».

В случае продления карантина данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видео-конференц связи на платформе Zoom. Для участия в слушаниях необходимо набрать идентификатор конференции: 826 6347 8874 код доступа: 123456. По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону казачика.

Заказчик, реквизиты и контактные данные: АПФ АО «КазТрансГазАймақ», БИН 070241005164, 030020 г. Актобе, проспект 312 Стрелковой дивизии, 22, т. 8 (702) 945-45-46, 8 (7132) 70-40-83.

Разработчик, реквизиты и контактные данные: ТОО «АСТІРО», БИН 170740033173, 010000, г.Нур-Султан, ул. Каныша Сатпаева, дом № 17., т. 8 (702) 091-08-05.

Наименование местного исполнительного органа: ГУ «Управление природных ресурсов ирегулирования природопользования Актюбинской области», тел. 8 (7132) 55-26-28.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале: esportal.kz, а также на сайте: www.e-prioda.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются: В ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области», тел. 8 (7132) 55-26-28.Электронный адрес: expert_oos@mail.ru.

ШАБАНДОЗДЫҢ ТҮСІ (Деректі әңгіме)

1987-1989 жылдары алдына қара салмаған Арқаның ерөн жүйрігі – Ақтаудың Аққұйрығы атанған желжабыз тұлпар.

Шабандоз бала баптаудың барлық талаптарын бұлжытпай орындауға тырысты. Бір ай шамасында Аққұйрық өбден бабына келді. «Болды, Ақ-құйрық бөйгеге дайын», – деді Нақып-жан. Бауырынан жараған Аққұйрық сымдай тартылып шыға келді. Содан ұзақ жолға аттануға қам жасала бастады. Құдай-ау, тура былтырғыдай ертең жолға шығамыз деген күннің түнінде шабандоз бала түскі келді. Түсінде ат жаратып жүрген мұның алдынан қоңыр түсті жылан тағы ирелендеп өтті. Бұл өлтіруге ұмтыл-ған. Үлгермей қалды. Ерtesінен көрген түсі есінен кетпей қойған Құрмаш алаңдаулы еді. Арқадаулы тұрған Аққұйрыққа бара жатқанда түсіндегі қоңыр жыланның тура алдын кесіп өтпесі бар ма?! О, тоба, қуанғанынан қорқыныштың бәрін ұмытып кетті. Жыланға жеткен бойда кері етіпкен басып-басып жіберді. Құдды қазір мына жыланнан айырылып қалса, Аққұйрық бөйгеден келмей қалапын-дай көрінген. Екі аяғымен кезек теп-кілеп, жыланды кері етіктің өкшесімен өбден өзгілесе керек. Өзінің де есі шығып кеткендей ме, түсінде айрылып қалған жыланды өңінде өлтірді-ау, өйтеуір.

Оңтүстік жақта жүйрік аттар көп деп еститін. Бөйге десе ішкен асын жерге қатқан оңтүстік қазақтар шыныда қытмар ел екен. Бөйге өткізу ертеден қалыптасқан бұл өңірдің жүйріктерінің даңқынан шабандоздың жүрегі шай-лыққандай. Мынау ат Ресейден екі рет «Москвич» үтеп екелген, мынау ат «Волга» ұтқан деген сөздерді құла-ғы шалған сайын Құрмаштың көңілі алаңдай бастады. Ертең болатын қырық бір шақырымдық аламанға жүзге тарта жүйрік қатысқалы отыр. Атағы жер жарған кілен сөйгілуктер. Арасында түркіменнің ақалтеке, текежөуміт дейтін жылқылары да бар деседі. «Олар тұрғанда бөйгеден дөмеленбей-ақ қойыңдар» деген сөздер де айтылып қалауда. Осының бәрін естіп, көріп жүрген шабандоз бала қалай алаңдамасын?! Нақыпжан ағасы да қобалжуды сияқты. Бірақ, шабандоз балаға сыр бермеуге тырысты. «Қорықпа, Алла жар болса, Аққұйрық жерге қаратпас», – деді. Тізімге келген аттарды бір шолып өткен бапкердің көнігі көзі алты жүйрікке түсіп үлгерген екен. «Осы-лардан абай бол, өр айналымда бі-реуінен озып отыруға тырыс. Шу

дегенде алдыңғы топқа шығып, жел жағын ұстан. Басын іркіп отыр. Ақ-құйрық есті жануар, бәрін сезеді. Сондықтан, ырықсыз ештеңе жасама. Айналым азияған сайын алдыңдағы аттардың қарасы да азайып отырғаны дұрыс. Жеті айналым! Есінде болсын, айналым санынан шатасып қалма. Көзіңе түсетін жерде тұруға тырысма. Мөреден өткен сайын назар салып отыр». Бапкер сөзін құлағына құйып алған шабандоз бала мөре сызығына қарай аяндаған.

Ат сейістің дауысы естіліп, дабыл қағылсымен сап түзеп тұрған кіл жүй-рік бірден лап қойған. Қарқын тым қат-ты басталды... Бір-екі баланың ат үстінен сыпырылып түскенін де көзі шалып қалды. Бәрінің ойы кішкене қара үзіп барып, ат басын іркіу екені белгілі. Қырық бір шақырымдық бөйгенің атқа жеңіл тимесін бөрі сөзе-ді. Нақыпжан ағасы да көнігі бапкер ғой. «Мен көрсеткен аттардың ба-шоғырында болуға тырыс. Оның алдында да аттар болуы мүмкін. Оларды қуып жетемін деп Аққұйрық-ты қинама. Олар жай тызетпелер. Жүйрік атты шаршату үшін арнайы қосылғандар. Бір-екі айналымнан соң өздері-ақ қалады», – деген. Бапкер ағасының айтқаны тура келді. Төртінші айналымға шыққанда мана Нақыпжан бапкер айтқан бес-алты-ақ ат алдыңғы шоғырда қалған. Сөйгілік-тер созыла шапты. Біраз ат айналым-нан шығып жатты. Аққұйрық бабында еді. Құлақ түбі дымданғаны болмаса, өлі тер шыға қоймаған. Шабандоз баланың өдеті – Аққұйрықтың сауы-рынына қамшы тигізбейтін. Керек кезінде бүктей ұстаған қамшысымен ауаны қармап қана қояды. Есті жануар бәрін сезеді. Тақымын жайлап қысып, алға емінсеп болғаны – шабысын үдете түсетін. Есіне Жаңаарқадағы бөйге түскен. Сол жолы соңынан қалмай қойған торының үстіндегі бала құйрық тістесіп келіп, қамшысымен Аққұйрық-ты сауырынан сабалағаны бар. Сонда Аққұйрық құлағын жимытып, бұзақы шабандоздың қылығын жарат-пағандай қылық танытып еді. Ызаға бұлыққан Құрмаш та бұрыла беріп, пырылдауық торыны қамшымен осып-осып жіберген. Бөйгені бақылап жүрген ат сейстер бәрін байқаса керек. Бөйге соңында бұзақы шабон-доздың бапкеріне қатаң сөгіс беріп, соңғы ескерту жасады. Мұндай жағ-дайлар бөйге барысында жиі байқа-лып жатады. Құрмаш өздігінен ешкім-ге соқтықпайтын. Алтыншы айналым-ға шыққанда Аққұйрықтың алдында үш-ақ қара қалды. Соңғы айналым...

Аққұйрықтың алдында екі-ақ қара. Мөреден өте бере Нақыпжан ағасына көзі түскен: «Жібер, өкіне жібер!», – деп жанұшыра айқайлап қала берді бағыс. Шабандоз алаңсыз еді. Өйткені, Аққұйрық өлі тың болатын. Шабысынан қаңылған жоқ. Өдеттегі-дей, соңғы айналым мөресінен арқан бойы үзай бере Аққұйрықтың тізінін босатқан. Алдыңдағы екі ат та ерен жүйрік екен. Үш сөйгілік жарты шақы-рымдай қапталдаса отырып, үздіге шапты. Аққұйрықтың қарқыны үдей түсті. Қанша дегенмен, алты жасқа ең-ді толған зар шағы ғой. Жер танабын қуырды. Жетінші айналымның соңғы минуттары... Бұл кезде екі аттан да әжептеуір ұзап кеткен Аққұйрық дара еді! Шабандоз баланың көзінен жас парлады. Қуаныштың көз жасы... Жануар-ай, жүзге тарта сөйгілікті артқа тастап, мөре сызығын қиып өткенде де шабысынан бір танбады-ау! Арада жыл өтті. 1989 жылдың қоңыр күзі еді. Бұл кезде Құрмаш мектептің сегізінші класын төмам-даған. Қытайдың мектебі сегіз жыл-дық болғандықтан, оқуын Қаражал қаласындағы кесіптік техникалық училищеде (ГПТУ) жалғастыруға дайындалып жүрген. Ауылға Нақып-жан ағасы келді. Аққұйрықты Талды-қорғандағы республикалық деңгейде өтетін бөйгеге апармақшы екен. Неге екені белгісіз, осы сапарға баруға шабандоз баланың зауқы соқпады. Жүрегі өлденеге алаңдап, санасын беймәлім мазасыздық билегендей. Оқуын, өр нерсені сылтау қылса да, Нақыпжан ағасы табандап отырып алды. Құрмаш еріксіз келіскен еді.

Бөйге Талдықорған қаласының ипподромында өтеді екен. Шабандоз бала осыған алаңдаған. «Арқаның жазығында көсіле шауып үйренген Аққұйрыққа ипподром алаңы қалай болар екен...» деп ойлады. Бұл бөйгенің де салмағы ауыр. Қазақ-станың ең таңдаулы жүйріктері қатысқалы отыр. Оның үстіне омы-рауы медальдарға толы конзауыттың (Асыл тұқымды жолқы зауыты) өйгілі тұлпарлары да бар деп естіген. Нақыпжан ағасы сенімді. Аламан бөйгенің алдында (үштерт күн бұрын) өр облыстан келген он бес жүйрікке 15 шақырымдық қара жарыс ұйм-дастырған. Нақыпжан ағасы осы жарысқа Аққұйрықты қосуға бел буды. Ондағысы аламанның алдында жүйрігінің қаның қыздырып алғысы келген өрі Аққұйрықтың да ипподром жолына бойы үйрене берсін деп ойласа керек. Бұл жарыстан маңдайы жарқырап Аққұйрық бірінші келген.

Дегенмен, ені сегіз жүз, бұрылысы екі жүз, барлық қашықтығы екі шақырым-ды ғана құрайтын ипподром жолы кең далада еркін шауып қалған Аққұйрық сияқты желжабыз жүйріктерге қолай-сыз екені байқалып-ақ қалған. Алда жиырма бес шақырымдық аламан! Аққұйрықтың қара жарыстан бірінші келуі жүрекке қуаныш, сенім ұялат-қанымен шабандоз баланың көңілінен бөрібір беймәлім кірбің арылмады...

Сол күні түнде шабандоз бала түс көрген. Күнделікті ат суарып жүрген қоғалы, қамысты бұлақтың жағасы екен дейді. Аққұйрықтың жетектеп бұлаққа жақындай берген. Кенет алдынан жуандығы жас баланың білегіндей үлкен қара шұбар жылан ирелендеп шыға келмесі бар ма?! Мұндай ірі жыланды Құрмаштың бірін-ші көруі, тіксініп қалды. Қамшымен жасқамақ болып еді, басын көтеріп айбар көрсеткен шұбар жылан міз бақпады. Шабандоздың маңдайынан суық тер бұрқ ете қалды. – Аға! – деп Нақыпжанды шақырмақ болған. Дау-сы шықпады. Дел осы мезетте қара терге малшынған шабандоз бала оянып кетті. Бастырылып қалғанға ұқсайды. Таңдайы көберсіп, басы айналатын сияқты. Көрген түсі есінен кетер емес. Ішкісі бісмілісін айтп, қайта қисайғанмен, көз іпкірте алма-ды. Түсіндегі жыланды өңінде қайтсе де көзіктіретінін сезген Құрмаш ерте-ңінде жүгіріп жүріп, салмақтауыла темір қазық тауып алды. Өдеттегідей күн арқан бойы көтеріле Аққұйрықты жетектеп қамысты бұлаққа қарай аяндаған. Темір қазықты білемдей ұс-тап, аса сақтықпен келе жатты. Айт-қандай-ақ бұлаққа таяқ тастам бар қалғанда түсінде көрген үлкен қара шұбар жылан ирелен-іреп етіп жолын кесіп өте берген. Шылбырды тастай салған Құрмаш қорқынышты ұмытып, темір қазықты оңтайылап ұстап тұра ұмтылды. Сумаң еткен шұбар жылан жақын тұрған қалың қауға кіріп кетті. Қап... үлгермей қалды. Ат баурынан келетін қамыс, қораны қанша жапырып, темір қазық-пен тіміскілесе де білектей шұбар жылан зым-зия таптырмай кетті. Маңдайыан суық тер жуған шабандоз бала ашы өкініштен өзегі ертеніп, бұлақ басында ұзақ отырды...

Аламанға қатысатын аттардың көптігі сондай, ипподромның жарты айналымында шабандоздар бірнеше қатар құрады. Мына қалың нөпір ипподромды қалай айналып шабады деп шабандоз бала алаңдады. Нағыз қойырпақ болғалы тұр. Онысыда көңіл күйі болмай тұрған Құрмаш

«бүйткен бөйгесі бар болсын» деп өкінді. Бірақ, бөрі кеш еді... Дабыл берілісімен бөйге басталған. Алда жиырма бес шақырым, он екі айнал-ым. Өдеттегідей Нақыпжан ағасы бәрін төптіштеп түсіндірген. Айналым санынан жаңылмау керек. «Қауіпті» жүйріктерді де мұқият түстеп алған. Жиырма бес шақырым – Аққұйрықтың қиналмайақ шабатын межесі. Кездей-соқ бір пелеге ұрынбаса болғаны. Шабандоз бала Аққұйрықтың шабы-сына тым сенімді еді. Тура Құрмаш ойлағандай болды. Ұзына бойы екі шақырымды құрайтын ипподром жолында қалың жүйрік мидай арала-сып кетті. Басы қайсы, арты қайсы айырып болмайтындай. Өйтеуір, ипподромды айнала шапқан шабан-доздар. Елдің айкайы мен қиқуынан құлақ тұнады. Сері самалы тынысың-ды ашып отыратын қайран Арқаның сары жазығы-ай деп армандады шабандоз бала. Бөйгені бақылау-шылар жүйріктерді номер арқылы анықтап, нешінші айналымнан өткенін үздіксіз хабарлап жатты. Жетінші айналымның кілт бұрылысына келген-де Аққұйрық сөл мүдіріп, шабысынан жаңылғандай көрінген. Шабандоз бала оқыс бұрылғаннан шығар деп ойлады. Сегізінші айналымда Аққұй-рық қара терге малшыны сала берді. Тоқым асты ақ көбіктеніп, ат қиналып келе жатқандай. Құрмаштың жүрегі зу ете қалды. Бұл не сүмдік?! Қанша бөйгеге қатысса да, Аққұйрықтың қара терге малшыңғаны көрмеп еді. Жиырма бес шақырымға еркін шаба-тынына сенген Нақыпжан бапкер: «Алдыңғы лекте отырсаң да болады», – деген. Алдында қара жоқ еді... Тоғызыншы айналым... Өлі дара келеді! Кенет шабандоз төмен қара-ған. О, тоба, Аққұйрық үш аяқпен шауып келеді!... Қамшылар жақ алдыңғы аяғын көтеріп алған. Қайран жануар-ай намыс үшін шауып келеді екен ғой... Құдай-ау, үш-ақ айналым қалған. Аққұйрықтың басын өрең тежеген шабандоз бала айналымнан шықты... Көзінен ыстық жас ыршып кетті. «Айттым, осы сапарға шықпайақ қойайқшы дедім», – деп өкіре жыла-ған қара бала Аққұйрықтың мойнынан құшақтай алды. Ипподромның қиыр-шық тасты жолы мен тұр бұрылысын-да алдыңғы аяғын шауып алғанға ұқсайды. Аққұйрықтың бойы дір-дір етеді. Шабандоз баланың омырауына басын тыққан сақи даланың ерен жүйрігі Аққұйрықтың жанарынан жас ағып тұрған. Тұлпар шын мәнінде жылап тұр еді... Жүгіріп Нақыпжан келді. Өкіре жылап тұрған шабандоз

бала: «Айттым ғой саған, осы бөйгеге келмей-ақ қойайық деп!» бапкерді қамшымен тартып-тартып жіберді. Жанарын жас жуған Нақыпжан бетін басқан күйі теңселе басып, отыра кетті...

*	*	*
· Бөйгеден қай ауылдың жүйрігі келіпті?		
· Батықтың аты.		
· – Ақтаудың Аққұйрығы ше?		
· Жоқ, Аққұйрық келмейті... (Сөкен тойындағы ел өңгімесінен. 1994 жыл).		
Күндер қайда баяғы үкілеген, Замананың сырт берді		
	сұрқы неден?	
Аққұйрықтың жас көрдім	жанарынан,	
Мұнша есті болар ма	жылқы деген?!	
Жылқы ма еді Ақтаудың	Аққұйрығы,	
	Намысы еді елімінің, бақ-тұйғыны.	
	Құба жонда құлазып жүйрік қалды,	
	Осы болып Төңірдің оза бұйрығы...	
	Қапталынан жабылар оза шауып,	
	Тыпыршыды хас тұлпар	мазасы ауып.
		желдей ескен,
		Шабысына қайран қап ел гулескен.
		Сері күндер қол бұлғап алыс қалды,
		Аламанда тұлпардың сертін кескен.
		Беу, жануар!
		Қор болған қайран мүсін,
		Болат тұяқ боркемің, жойған күшін.
		Намыс үшін шабарын
		хас тұлпардың,
		Жүлде алған жабылар
		қайда білсін?!
		Бақыты бар тағдырдың
		сайқалы бар,
		Ылды мен өмірдің қайқаны бар.
		Қапталына келмейтін бір кездерде,
		Шаңға көміп барады қойторылар.
		Өмір тозаң, тартыс пен күрес анық.
		Пенделер мөз қалғанға үлес алып.
		Қайда кетіп барасың, жануарым,
		Сары белдің көдесін жүре шалың?
		Хош, жануар, жылама, жетім жүрек!
		Зерлі тұяқ мезгілсіз кетілді деп.
		Өзіңді ойлап мен-дағы
		мұңға баттым,
		Шерлі күйі шаңақтың шертілді көп...